

УДК 2/993

Сайлаубай, А.Б.,

магистрант

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

ИУДАИЗМ ДІНІНІҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ

Түйіні

Бұл ғылыми мақалада иудаизм дінінің негізгі принциптері қарастырылған. Бүгінгі замандағы иудаизмнің Жаратушыдан тыс қандай да бір тылсым күштерді жоққа шығаратын, қос құдай түсінігінен алыс нағыз монотеистік дін екендігін көрсетеді. Маймонид (XII ғасыр) және басқада иудейлік ойшылдар ұстанған дәстүрлі иудейлік көзқарас негізінде жүргізілген зерттеулер нәтижесінде монотеизм – бастапқы және алғашқы Жоғары Күштің басым түрі болды, ал қалған барлық діндер кейіннен бірқұдайшылық идеясының құлдырауы нәтижесінде пайда болды. Монотеистік иудаизм нәтижесінде христиандық пен исламның пайда болуына ықпал етті.

Мақаланың мәнін ашатын сөздер: иудаизм, Құдай, Тәурат, Моисей, өсите, Галаха, Жаратушы, діни ілім.

Иудаизм – еврей халқының ұлттық діні. Аталмыш діннің ұстанушыларын яһуди деп атайды. Яһудилік өзінің ұлттық-саяси сәкестігін бірнеше рет жоғалту жағдайларында өз діни таңдаулылығын және халқының айрықша бағытын ұғыну арқылы аман қала алды.

Иудаизмнің ілімі кең мағынада еврей халқының Ауызша және Жазбаша Заңын, сондай-ақ бүкіл ілімдерінің жиынтығын қамтитын Торада мазмұндалған. «Тора» терминінің тар мағынасы Мұсаның бес кітабын білдіреді. Яһудейлердің дәстүрлі көзқарасы бойынша Тораның жазбаша және ауызша нұсқасы тікелей Израиль ұрпақтарына Мұса арқылы Синай тауында берілген. Аян орны дәстүрлі немесе ортодоксты яһудилік үшін шүбәсіз. Либералды я болмаса реформистік иудаизм дінін ұстанушылары Тораның Аян нәтижесінде пайда болғанын мойындамайды. Олар Торада ақиқат барын таниды, ал оның қасиетті әрі нақты болуы ақыл-ой мен тәжірибеге байланысты деп санайды. Демек, Аян аз-аздап беріледі және қандай да бір шеңберлермен шектелмейді, ал ақиқатты тек қана яһудилердің қайнар көздерінен ғана емес, табиғаттан да, ғылым мен барша халық ілімдерінен де табуға болады [1]. Иудаизм діни сенімнен гөрі, көбінесе мінез-құлыққа зор мағына беріп, діни оқыту мәселелерінде баршаға мәлім бостандыққа орын береді. Алайда, барлық еврей халқын қуаттайтын белгілі бір негізге алынатын қағидаттар бар.

Иудейлердің діні – адамның өзінің Жаратушымен байланысы және қарым-қатынасы, адамдар арасындағы қарым-қатынас; Құдайдың болмысы мен Оның адамдарға деген көзқарасы туралы жүйе.

Иудаизм діні тәндік сипаты жоқ, әлемді жаратушы, шексіз құдірет иесі бір Құдайға деген сенімге және Оның таңдаулы иудей халқымен қарым-қатынасына негізделген. Мұса пайғамбарға басты өсиеттер Синай тауында түскен. Алайда, Құдай өз халқына үйретуді жалғастыра түсті, нәтижесінде адам мен Құдай, адам мен адам арасындағы қарым-қатынасын реттейтін тағы 613-тен астам өсиеттерге әкелді. Бұл өсиеттер иудейлердің Тора деп аталатын Көне Өсиеттің алғашқы 5 кітабында жазылған. Тора кітаптарын Мұса б.з.д. 1400 жылдары жазған. Содан бері Торадағы заңдар көптеген еврей ғалым-философтарымен түсіндіріліп, нәтижесінде заңға, мінез-құлық нормаларына негізделген және тиісті рәсімдердің туындауына әкелген – Галахаға пайда болды. Рәсімдік әрекеттер иудейлердің Құдаймен қарым-қатынасын реттесе, ал мінез-құлық нормалары – адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттейді. Құдаймен қарым-қатынас түсінігі күнделікті құлшылық, тазалық, азық-түлік ережелерін сақтау, мерекелік салт-жоралар мен тыйым салуларды қамтиды. Адам мен адам арасындағы қа-

рым-қатынас саласы (мускус) «Жақындарыңды өзіңді жақсы көргендей жақсы көр» деген өсиеттен келеді. Галаха балалардың ата-аналарына деген жауапкершілігін, неке, ата-аналық міндет және өлгендерді жерлеу мәселелеріне негізделген. Ережелерді сақтау «мицвот» сөзімен белгіленеді, бірақ оның анық аудармасы жоқ, дегенмен жүректің қалауына сәйкес заңдардың сақталуы ретінде анықталады, өйткені бұл Құдайға құлшылық ету болып табылады [2].

Раввин философ Йехуда Галеви: «Діни сана: ізгі істер үшін нығметке бөлейтін Көсем, Нығметке бөлеуші, Үйретуші де Бұйырушы Пәрменді, көместі Көруші, толық Білуші, Жаратушының барына деген сенім, деп жазады. Сондай-ақ бұл сана барлық уақытта өмір сүрген адамзат атаулыға тән. Сөйлеу қабілеті жоқ жануарларда мұндай сенімнің нышаны жоқ. Сенім, әрине, адамға ғана берілген ең үлкен сыйлық. Діни сананы ақылға салуға болмайды. Ақылға ерік беріп, көптеген адамдар Құдайдың бар екендігін жоққа шығарып, сенімсіздікке түседі. Сенім алғашқы адаммен бірге пайда болды. Ол Құдайдың дауысын естуге лайық болып, ол онымен тілдесті, Жаратушы бұйрық берді және қалай өмір сүруді үйретті. Содан кейін әлем су тасқынынан кейін қайта жаңартылумен байланысты ол Нұх бейнесінде қайта туылды. Кейінірек сенім Ибраһим, Ысқақ және Жақып сынды бабаларының бойынан көрініс тауып, олардың ұрпақтарына дарыды. Алғашқы аян – жеке адамға, екінші – отбасына, ал үшінші – халыққа түсті» [3].

Діни сенім – шартсыз саладағы екі сенім формаларының бірін білдіреді. Бұл деген сенімнің біреуге немесе бір нәрсеге қатынасы емес, өздігінен шартсыз нәрсеге қатынасы. «Діни салада бұл екі сенімнің бейнесі де ерекшеленеді. Бір жағдайда адам «сеніммен қатынаста», ал екіншісінде – «сеніммен қатынасқа жүгінуге» айналады. Онда бар адам, ең алдымен, қауымдастық мүшесі болып табылады. Шартсыздықпен байланыс бұл адамды да қамтиды. Сеніммен қарым-қатынасынқа жүгінуді адам индивид болып табылады. Ал қоғам мұнда индивиттердің жиынтығы болып қалады. Алайда, бұл сенімнің қосарлы сипатын әдеттегі антitezге дейін қарапайым қылуға болмайды. Жоғарыда айтылғандарға қосымша, тарих үшін өте маңызды тағы бір қайшылықты ескеру қажет. Бұл хәлде болған адам, әрине, серіктеспен, яғни тығыз қарым-қатынаста болу болып табылады. Бірақ осыдан бастау алған барлық нәрселерде соңғы, жойылмайтын қашықтық сақталып отыр. Ақиқатты тану актісі адамның (тану пәні) және оның объектісінің арасындағы қашықтықты болжайды. Бірақ адамның шындықты мойындаған адамға деген көзқарасы, ең жақын жақындыққа, тіпті бірігу сезіміне айнала алады», – деп жазды неміс философы Мартин Бюбер [4].

Айта кету керек, иудейлердің сенім объектісі Тора. Келесі мәтінді алайық. Дәстүрлі білім алған әрбір иудей баласы оны жатқа біледі. Діндар иудей бұл сөздерді күніне екі рет құлшылығында қайталайды. Бұл мәтіннің бірінші сөйлемі – көптеген иудейлердің өлім алды айтылатын сөздері, тіпті олар ешқандай иудейлік қасиетті әулиелерге сенбеген немесе күмәнданғаны болса да: «Уа, Израил, біздің Құдайымыз, Жаратқан Ие, Жалғыз Жаратушы. Жаратқан Иенді шын жүректен, бүкіл жан-тәніңмен және барлық күшіңмен жақсы көр. Мен бүгін сендерге бұйырған бұл сөздер жүрегінде болсын. Оларды балаларыңа сіңіріңдер, үйінде отырғанда, жолаушы жүргенде, жатсаңда тұрсаңда насихатта. Оларды қолдарыңа белгі ретінде байла, олар сенің көздеріңнің қарашығындай болсын және оларды үйіңнің босағасына және қақпасына жаз (Екінші заң 6: 4-9). Сонымен қатар, осы үзіндідегі негізгі сөз тіркестер балаларды оқытуға арналған. Оның көптеген мағыналары бар – олардың кейбіреулері жасырылған, бірақ бәрі маңызды.

Сұраушының позициясы оның жеке жағдайына қарағанда оның дәуіріне байланысты күштірек болып келеді, бұл иудаизм негіздерінің ең танымал баяндауы – Маймонидтердің (1135-1204) құрған сенімінің он үш қағидасы екендігі дәлелденді (Бұл кітапта ол туралы аз айтылмаған. Иудейлер, әдетте, оны Рамбам РМБМ деп атайды – «Раввин Моисе Бен Маймон» дегеннің қысқартылуы). Бұл қағидалардың беделі соншалықты, тіпті Йшгдал әнұраны осы қағидалар негізінде жазылған, әдетте олар иудей литургиясына кіреді. Адон О ламға біз кітабымыздың соңында жүгінеміз (14-тарауды қараңыз). Йигдал біз үшін ең басында өте

маңызды. Негізінен «сенім нышаны» ретінде жазылған Маймонидтің мәтіні, оның өлімінен соң бірнеше ғасырдан кейін келесідей формада болды:

1. Жаратушы – Ұлы, кәміл Құдірет иесі екендігіне сенемін! Ол – барлық әлемді жаратушы, әрі толық басқарушы, сондай-ақ Ол барлық істің Бастауы, Бақылаушысы, Реттеушісі.

2. Жаратушы – Ұлы, кәміл Құдірет иесі екендігіне сенемін! Оның жалғыз екендігіне және одан басқа Жаратушы жоқ екендігіне және тек ол ғана жалғыз Құдай болғанына әрі бола беретіндігіне толық сенемін!

3. Жаратушы – Ұлы, кәміл Құдірет иесі екендігіне сенемін! Оның тәндік сипаты жоқ, әрі ешкімнің Онымен ұқсастыққа ие еместігіне толық сенемін!

4. Жаратушы – Ұлы, кәміл Құдірет иесі екендігіне сенемін! Ол Алғашқы әрі Соңғы екендігіне толық сенемін!

5. Жаратушы – Ұлы, кәміл Құдірет иесі екендігіне сенемін! – Тек Ол ғана құлшылық етуге лайықты, басқа ешкім лайықты емес екендігіне толық сенемін!

6. Мен пайғамбарлардың барлық сөздері шын екеніне толық сенемін.

7. Мен Мұса пайғамбардың, (Жаратушының нығметіне бөленсін!) – біздің ұстазымыз әрі ол бұған дейін де және бұдан кейін де болған барлық пайғамбарлардың пайғамбары екендігіне толық сенемін!

8. Мен біздің қолымыздағы Тораның Мұса пайғамбарға (Жаратушының нығметіне бөленсін!) берілгендігіне толық сенемін!

9. Мен бұл Тора алмастырылмайтынына және Жаратушы тарапынан басқа Тора болмайтынына толық сенемін!

10. Жаратушы – Ұлы, кәміл Құдірет иесі екендігіне сенемін!, барлық адамзат баласының амалдары тіпті ойларында толық білуші екендігіне толық сенемін! «Созидающий все сердца их, Постигающий все деяния их» (Псалма 33:15).

11. Жаратушы – Ұлы, кәміл Құдірет иесі екендігіне сенемін! Оның өсиеттерін орындаушыларды нығметіне бөлейтіндігіне және Оның өсиеттерін бұзатындарды жазалайтындығына толық сенемін!

12. Менің Мәсіхтің келетініне деген сенімім кәміл және оның кешеуілдеуіне қарамастан, мен оның келтіндігіне сенемін!

13. Мен, Жаратушының қалауымен өлілердің қата тірілетін күннің орын алатынына толық сенемін және Ол туралы естелік мәңгі сақталады! [5].

Бұл біздің заманымыздың басты сын-тегеуіріндері. Атақты саяси философ Лео Штраустың иудей мәселелеріне арналған жазбалары әлемдік қауымдастықта үлкен әсер қалдырды. 1920 жылдары германдық иудаизм туралы Лео Штраус былай деп жазады: «... бәріне, ең артта қалғандардан басқаларына, жаратылыстану ғылымдары мен тарих иудей дінін жоққа шығара алмайтындығы анық болды. Ол Велльхаузенмен Дареннің тарапынан туындаған дауылға төтеп берді. Тарих пен жаратылыстану ғылымдары әлемнің жасына, адамның шығуына, ғажайыптардың мүмкін еместігі, жанның өлместігі мен мәңгі өмір сүру мүмкін еместігі туралы үйрететін барлық нәрселермен келісуге болады, Яхвист, Элохимт, Үшінші Исай [және басқа да Інжілдің пайда болуына қатысты тұжырымдар] сынды жағдайлармен иудей сеніміне нұқсан келтірмей келісуге болатындығы анықталды [6]. Осы мәлімдемеге сәйкес, «иудей сенімінің мәні» деген ұғымның астарынан көп нәрселерді көре аламыз.

Иудаизм Құдай үшін адамдардың іс-әрекеттері сенімдеріне қарағанда маңыздырақ. Талмұт Еремия пайғамбардың сөздеріне негізделген (16:11): «Иудейлер тастап кетсе де (мені), бірақ менің заңдарыма адал болсын» деп атап көрсетеді. Нәтижесінде сенім емес адамның дәл іс-әрекет бағаланатын басты өлшемі; бұл пайым иудаизмде реформаторлықтан бастап, ортодоксалдық барлық діни бағыттарды қамти отырып, ғасырлар мен кеңістіктен өтеді.

Кез келген синагогада іс-әрекеттердің дұрыстығы туралы айтылады. «Шіркеулердің бірі келушілерді белсенді әлеуметтік қызмет етуге шақырса, екіншісінде жақындарына көмек көрсету, ал үшіншісінде Сенбі діни демалыс күніне ұқыптылықпен қарау немесе отбасы құн-

дылықтары сынды өсиеттер жайлы мәлімдейді. Бірақ сіз ешқашан уағыздарда үнемі қайталанатын және христиандық ілімнің іргетасы болып табылатын тақырыпты «сенім арқылы жанның құтқарылуын» уағыздайтын раввинді кездестірмейсіз. Әрине синагогада раввиндер сенім туралы уағыздайды, бірақ өзіндік құндылық ретінде емес, Тора Заңына сәйкес әрекет етуге талпындыратын ішкі күш ретінде. Иудаизм адамды ең алдымен іс-әрекеті арқылы бағалайды, христиандық ең алдымен оның сенімі», – деп жазады Пинча Полонский [7].

Американдық жазушы Герман Вук: «Сенім қарапайым және қарапайым адамдар үшін жұбаныш емес (бірақ оның даңқы үшін де); сенім – ғасырлар бойы адамзаттың ең жақсы ақыл-ойлары әрқайсысы өз жолымен жүретін мықты интеллектуалдық позициясы. Біз атеизм жүз жылдан бері сәнге айналған кезеңде өмір сүріп жатырмыз. Бұл сән атақты кітап клубтарынан және қағазға басып шығарушы баспаханалардан келетін рационалдық әдебиеттің ағынын тудырады» [8]. Алайда, Құдайға рационалистік көзқарасы танымал болғаны соншалықты, ол адамның бұл көзқарастың шындығына күмәндануына алып келуі мүмкін еді.

Осылайша, иудаизм басқа діндерге қарағанда жақсы да емес, нашар да емес, бірақ бұл біз үшін қызықты, себебі бұл иудей діні, Құдайдың таңдаулысы болған халықтың діні. Алайда, оның мәні осы ғана емес. Одан екі ірі әлемдік дін пайда болды: христиан және ислам. 17-ғасырдағы ұлы француз ғалымы философ Блейз Паскаль: «Иудей дініне өзгеше көзқараспен қарау керек. Киелі кітап тарихы мен халық дәстүріне. Адамгершілік пен бақыт халықтың салтында аралас болып табылады, бірақ олардың қасиетті дәстүрлеріне танданбасқа болмайды» деп айтқаны бар. Олардың негізін құрметтеуге болады» [9].

Әдебиеттер тізімі

Бубер, М. Два образа веры / Пер. с нем. П.С. Гуревича, С.Я. Левит, С.В. Лезова [Текст] / М. Бубер. – М.: Республика, 1995.

Галеви, И. Кузари / Перевод с иврита Г. Липш [Текст] / И. Кузари Галеви. – Иерусалим, 1980. – С. 23.

Герман Вук. Это мой бог: Еврейский образ жизни. Пер. с англ. [Текст] / Вук Герман. – Иерусалим, 1977. – С. 40.

Иудаизм [Электрондық ресурс] // Этика. История морали и нравов. – Қолдану режимі: <http://ethicscenter.ru/iudaizm.html>.

Иудаизм [Электрондық ресурс] // Энциклопедия Кругосвет. – Қолдану режимі: http://www.krugosvet.ru/enc/kultura_i_obrazovanie/religiya/IUDAIZM.html?page=0.5

Маймонид / Перевод М.А. Шнейдера. Главы из книги Мишнэ Тора [Текст] / Маймонид. – Иерусалим: Шамир, 1985. – С. 55.

Паскаль, Б. Мысли / Пер. с фр. Ю.А.Гинзбург [Текст] / Б. Паскаль. – М.: Изд-во им. Сабашниковых, 1995. – С. 480.

Полонский, П. Две тысячи лет вместе. Еврейское отношение к христианству [Текст] / П. Полонский. – Иерусалим: Маханаим, 2008. – Т.1. – С. 115.

Факенгейм, Э. «Что такое иудаизм». Современная интерпретация. Пер. с англ. [Текст] / Э. Факенгейм. – В. Шубинского под редакцией В. Дымшица. ДААТ/Знание; Иерусалим-Москва, 2002. – С. 60.

Мәлімет редакцияға түсті: 30.03.2018

САЙЛАУБАЙ, А.Б.

ОСНОВНЫЕ ПРИНЦИПЫ ВЕРОУЧЕНИЯ В ИУДАИЗМЕ

В данной научной статье рассмотрены основные принципы вероучения в иудаизме. Показано, что современный иудаизм является строго монотеистической религией, в которой отрицается существование каких-либо сил, неподконтрольных Творцу, а тем более других богов. На основе проведенного исследования с традиционной еврейской точки зрения, которой придерживались Маймонид (XII век) и другие еврейские мыслители, монотеизм – первичен и изначально был преобладающей формой почитания Высшей Силы, в то время, как и все другие культы образовались позже, в результате деградации идеи единобожия. Монотеистичный иудаизм впоследствии послужил основой для возникновения христианства и ислама.

Ключевые слова: иудаизм, Бог, Тора, Авраам, Моисей, заповедь, Галаха, творец, вероучения.

SAILAYBAI, A.B.

THE BASIC PRINCIPLES OF THE DOCTRINE OF JUDAISM

This article deals with the basic principles of the doctrine in Judaism. It is shown that modern Judaism is strictly monotheistic religion, which denies the existence of any forces beyond the control of the Creator, let alone other gods. On the basis of the research from the traditional Jewish point of view held by Maimonides (XII century) and other Jewish thinkers, monotheism is primary and was originally the predominant form of veneration of the Higher Power, while all other cults were formed later, as a result of the degradation of the idea of monotheism. Monotheistic Judaism later served as the basis for the emergence of Christianity and Islam.

Keywords: *Judaism, God, Torah, Abraham, Moses, commandment, Halacha, creator, dogma.*

УДК 316.6

Уәли, Ә.І.,

*педагогика ғылымдарының магистрі,
ҚМПУ оқытушысы, Қостанай қ., Қазақстан*

СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ОҚЫТУ-ТӘРБИЕЛЕУ ҮРДІСІНДЕ ТРЕНИНГ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Түйіні

Бұл мақалада оқыту-тәрбиелеу үрдісінде тренинг арқылы студенттердің арасындағы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға байланысты мәліметтер келтірілген. Қазіргі таңдағы педагогиканың міндеті – адам бойындағы жақсы қасиеттерді жас ұрпаққа үйрету, ұлтжанды, отансүйгіш, әдепті, ар-намысы биік студенттерді тәрбиелеу екендігі айтылған. Адамдарды тәрбиелеу мен тұлғалық қалыптасуының басты құралы, әрі маңызды сипаттамасы – қарым-қатынас екендігі белгілі.

Кейбір адамдардың психикалық әлеміндегі маңызды қатынастарының даму механизмі туралы Ресейлік және шетелдік авторлар: Л.С.Выготский, В.Н.Мясищев, В.Штерн, К.Бюлер т.б. ғалымдардың теориясын негізге келтірген.

Ғылыми ұғым ретінде «қарым-қатынас», «оқыту», «тәрбиелеу», «үдеріс», «тренинг», «қалыптастыру» т.б. анықтамалар берілген.

Қоғамдық қарым-қатынасқа қарағанда, жеке тұлғааралық қарым-қатынастың табиғаты бөлек және оның өзіндік ерекшелігі мен эмоциялық негізінің болуы жайлы, адамдар бір-бірімен қарым-қатынасқа түскенде, оның бір-біріне деген әртүрлі көзқарастары сезімдер негізінде қалыптасатындығы туралы ғылыми негіздемелер жасалған.

Оқытушының тренингтер рөлдік ойындарды қолдана отырып, топтағы жұмыс белсенділігін арттыру, теорияны практикалық тапсырмалармен астастыру, ақпараттар көлемін саналы меңгеру арқылы эвристикалық әдістемеге жол салып, қарым-қатынас жасаушы тұлға ретінде студенттерге әсер етіп, білім алушы қабілетін аша білер кәсіби шеберлігінің маңызына тоқталған.

Тренинг жүргізуге қойылатын талаптар, шарттар туралы мәліметтер келтіріп, тренингтік жаттығуларды қолдануды тәжірибе жүзінде көрсеткен.

Мақаланың мәнін ашатын сөздер: *оқыту, тәрбиелеу, үдеріс, тренинг, қарым-қатынас, қалыптастыру.*

1. Кіріспе.

Оқыту – студент пен оқытушының өзара бірлесіп іске асыратын әрекетінен тұратын күрделі, екіжақты үдеріс. Өйткені, оқыту оқытушының білім берудегі негізгі іс-әрекеті болса, оқу – студенттің өзінің танымдық, тәжірибелік әрекеті.